

"Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамын бюджеттік кредиттеудің негізгі шарттарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 шілдедегі № 564 қаулысы

2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 180-бабының 2-тармағына және "2019 – 2021 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" 2018 жылғы 30 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2015 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының жобаларын қаржыландыру үшін кейіннен "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамын кредиттей отырып, "Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамын бюджеттік кредиттеудің негізгі шарттары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму, Қаржы министрліктері заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) "Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамымен кредиттік шарттар жасасуды;

2) кредиттеудің негізгі және қосымша шарттарының орындалуын бақылауды;

3) бюджеттік кредиттердің нысаналы және тиімді пайдаланылуын, уақтылы өтелуі мен оған қызмет көрсетілуін бақылауды және мониторингілеуді қамтамасыз етсін.

3. "Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамы (келісу бойынша) тоқсан сайын, есептік кезеңнен кейінгі айдың 10-күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасы Қаржы, Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрліктеріне кредиттердің игерілуі туралы ақпарат берсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігіне жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

А. Мамин

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2019 жылғы 31 шілдедегі
№ 564 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2015 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының жобаларын қаржыландыру үшін кейіннен "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік

қоғамын кредиттей отырып, "Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамын бюджеттік кредиттеудің негізгі шарттары

1. "Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамын (бұдан әрі – қарыз алушы) кредиттеу үшін мынадай негізгі шарттар белгіленеді:

1) кредит "2019 – 2021 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" 2018 жылғы 30 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңында 217 "Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2015 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының жобаларын қаржыландыру үшін кейіннен "Қазақстанның Даму Банкі" АҚ-ны кредиттей отырып, "Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі" АҚ-ны кредиттеу" бюджеттік бағдарламасы бойынша көзделген 11 000 000 000 (он бір миллиард) теңге сомасында (бұдан әрі – кредит) беріледі;

2) кредит қарыз алушыға мерзімділік, ақылылық және қайтарымдылық шарттарында 19 (он тоғыз) жылды қоса алғандағы мерзімге дейін жылдық 0,1%-ға тең сыйақы мөлшерлемесі бойынша теңгемен беріледі;

3) республикалық бюджеттен кредитті бөлу қарыз алушының шотына кредиттің барлық сомасын бір уақытта аудару жолымен жүзеге асырылады;

4) игеру кезеңі қарыз алушының шотына кредит аударылған күннен бастап 2019 жылғы 31 желтоқсанға дейін;

5) кредит бойынша есептелген сыйақыны төлеу жарты жылдық төлеммен жылына 2 (екі) рет жүзеге асырылады;

6) кредит бойынша негізгі борышты өтеуді қарыз алушы 6 жылды қоса алғандағы мерзімге дейін жеңілдік кезеңі өткен соң 2025 жылдан бастап тең үлестермен жүзеге асырады;

7) бюджеттік кредитті берудің мақсаты Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2015 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде инвестициялық жобаларды қаржыландыру үшін 19 (он тоғыз) жылға дейінгі мерзіммен жылдық 0,15 % сыйақы мөлшерлемесімен "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамын кейіннен кредиттеу болып табылады. Бұл ретте түпкі қарыз алушы үшін сыйақының соңғы мөлшерлемесі жылдық 9 %-дан жоғары болмауы тиіс.

2. Кредиттерді беру, өтеу және қызмет көрсету бойынша қосымша шарттар Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес кредиттік шартта белгіленеді.